

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында оқулық басылымдар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесі Төрағасының 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 1-8/66 өкімі.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-2-бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына, сәйкес:

1. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында оқулық басылымдар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидалары, осы өкімнің қосымшасына сәйкес, бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Аппаратының Сот оқуы және біліктілік емтиханын ұйымдастыру бөліміне осы өкімді Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы

Д. Малахов

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесі
Төрағасының
2024 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 1-8/66 өкіміне
қосымша

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында оқулық басылымдар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында оқулық басылымдар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-2-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кенесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында (бұдан әрі – Академия) оқулық басылымдар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

3. Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) автор – шығармашылық еңбегімен оқулық басылымын, оқу-әдістемелік кешен дайындаған жеке тұлға;

2) авторлық ұжым – бірлескен авторлар ретінде жүретін жеке тұлғалар тобы;

3) оқулық басылымдары, оқу-әдістемелік кешендері мониторингі – оқу процесіне оқулық басылымдарын, оқу-әдістемелік кешендерді енгізу нәтижелері бойынша ақпарат жинақтау, сақтау, өңдеу және тарату;

4) оқулық басылымдарын, оқу-әдістемелік кешендерді сынақтан өткізу – Академиядағы оқу процесінде оқулық басылымдарын, оқу-әдістемелік кешендерді пайдалану практикасын енгізу және кешенді зерделеу;

5) оқу басылымдарының сараптамасы – мазмұнының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС), үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мақсаттарына, қазіргі заманғы ғылыми түсініктерге және психологиялық-педагогикалық ғылым талаптарына сәйкестігін бағалау;

6) сарапшы – сараптама жүргізуге тартылатын, білім беру, ғылым, техника және басқа да салаларда кем дегенде бес жыл еңбек өтілі және тиісті біліктілігі бар жеке тұлға;

7) электрондық жеткізгіштердегі оқулық басылымы – оқытуды автоматтандыруға арналған, оқу пәніне сәйкес келетін және оқу жұмыстарының әр-алуан түрлерін қамтамасыз ететін, сондай – ақ Академияның интернет -ресурсында орналастырылуы мүмкін цифрлық, мәтіндік, графикалық, аудио, бейне және өзге ақпараттың жиынтығы ретінде ұсынылған басылым.

Электрондық оқулық басылымына мыналар жатады: электрондық оқулық, электрондық оқу құралы, электрондық оқу-әдістемелік кешен, аудио-, бейне материалдар, цифрлық оқу ресурстары, виртуалды зертханалар, т.б. Электрондық басылым электронды тасымалдағышта орындалуы, сондай-ақ Академияның интернет-ресурсында орналастырылуы мүмкін;

8) Оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі – ОӘК) – Академияның оқу және әдістемелік қызметі жөніндегі алқалы басқару органы.

4. Білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру және Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының жұмысын ынталандыру мақсаты үздік оқулық басылымына, оқу-әдістемелік кешеніне байқау жүргізіледі.

Байқауды жүргізу тәртібін Академия дербес айқындайды.

2. Оқулық басылымдарын, оқу-әдістемелік кешендерді дайындау тәртібі

5. Оқулық басылымдарын, оқу-әдістемелік кешендерін автор МЖМБС талаптарын, оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын және үлгілік оқу жоспарын ескере отырып дайындайды, мынадай талаптарға сәйкес жүзеге асырады:

- 1) оқу пәні бойынша неғұрлым өзекті білімдерді енгізу;
- 2) ұсынылған оқу және әдістемелік материалдардың дұрыстығы;
- 3) оқулық басылымы мен оқу-әдістемелік кешені арналатын мақсатты аудиторияны (тиісті білім деңгейіндегі білім алушылар, тыңдаушылар, оқытушылар, ғылыми қызметкерлер, судьялар, сот жүйесінің қызметкерлері және басқа тұлғалар) есепке алу;
- 4) оқу материалы мазмұнының кәсіби, практикалық бағыттылығы.

6. Оқулық басылымдарының, оқу-әдістемелік кешенінің авторлық ұжымының құрамына ғалымдар, оқытушылар, ғылыми қызметкерлер, судьялар, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кенесінің мүшелері және Кеңес аппараты мен сот жүйесінің қызметкерлері, сондай-ақ оқулық басылымының бейіні бойынша өзге де тұлғалар енуі мүмкін.

3. Оқулық басылымдарына сараптама жүргізу және оқу-әдістемелік кешендердің МЖМБС-на сәйкестігін қарау тәртібі

7. ОӘК оқулық басылымдарын қарау барысында, оқу-әдістемелік кешендерді қоспағанда, плагиатты анықтау мен алдын-алу жүйелерін пайдалана отырып, авторлардың немесе авторлық ұжымның материалдарды авторға сілтеме жасамай пайдалануын тексереді.

Мәтіннің бірегейлігінің рұқсат етілген деңгейі Ғылыми кеңестің шешімімен белгіленеді.

8. Оқулық басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді қарау нәтижелері бойынша ОӘК мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) оқулық басылымы бойынша – сараптама жүргізу туралы;
- 2) оқу-әдістемелік кешен бойынша – МЖМБС сәйкестігін қарау туралы;
- 3) оқулық басылымын пысықтау туралы;
- 4) оқу-әдістемелік кешенді пысықтау туралы.

Оқулық басылымын пысықтау туралы шешім, егер автор немесе авторлық ұжым авторға сілтеме жасамай материалдарды пайдалануын тексеру нәтижесі бойынша сәйкестік рұқсат етілген деңгейден жоғары нәтиже көрсеткен жағдайда қабылданады.

9. Білім беру қызметінде пайдалануға ұсынылатын оқулық басылымдары мазмұнының МЖМБС талаптарына, үлгілі оқу жоспарлары мен бағдарламаларына, ғылыми зерттеулерге, оқытудың мақсаттарына, білім алушылардың дамуына, психологиялық-педагогикалық ғылымның қазіргі кезеңдегі талаптарына сәйкестігін бағалау үшін оларға сараптама жүргізіледі.

10. Сараптаманы ОӘК ұйымдастырады.

11. Автор (авторлық ұжым) оқулық басылымына сараптама жүргізу үшін ОӘК-сына мынадай материалдарды жолдайды:

1) оқулық басылымына сараптама жүргізу туралы еркін нысандағы өтініш, онда титулдық парағына сәйкес автор (авторлық ұжым), атауы, басылым тілі көрсетіледі;

2) оқулық басылымы – электронды түрде не автордың (авторлық ұжымның) қалауы бойынша қағаз жүзінде;

3) оқулық басылымына сырттан екі сын-пікір;

4) оқулық басылымын, онда материалдардың авторға сілтеме жасамай пайдаланылуын тексеру нәтижесі туралы анықтама.

12. Оқулық басылымдарына сараптама жүргізу үшін ОӘК бейін бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы) бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар немесе оқулық басылымы дайындалған тиісті сала бойынша тәжірибесі бар қызметкерлер қатарынан сарапшылар (3 адамнан аспайтын) тартады.

13. Сарапшыларға автор (авторлық ұжым) ұсынған құжаттардың барлық жиынтығы беріледі.

14. Бір оқулық басылымын сараптау ОӘК отырысында тиісті шешім қабылданған күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұйымдастырылады және жүргізіледі.

15. Сараптама қорытындысында мынадай шешімдердің бірі көрсетіледі:

1) басуға және (немесе) оқу процесінде пайдалануға ұсынылады;

2) басуға және (немесе) оқу процесінде пайдалануға ұсынылмайды.

16. ОӘК авторға (авторлық ұжымға) сараптама нәтижелері туралы сараптау қорытындысы шыққаннан кейін дереу хабарлайды.

17. Сарапшылардың оң қорытындысы негізінде Ғылыми кеңес оқулық басылымын басып шығаруға және (немесе) оқу процесінде пайдалануға ұсынады.

18. Сараптама нәтижесімен автор (авторлық ұжым) келіспеген жағдайда, ОӘК шешімі бойынша оқулық басылымдарына қосымша сараптау жүргізіледі, оны жүргізу осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес басқа сарапшыларға тапсырылады. Қосымша сараптама жүргізу мерзімі 15 жұмыс күнде кұрайды.

Қосымша сараптаманы ОӘК ұйымдастырады.

19. Оқу-әдістемелік кешендер сараптама жүргізілмей ОӘК қарауына жатады.

4. Оқулық басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді сынақтан өткізу, оларға мониторинг жүргізу және басып шығару тәртібі

20. Жаңадан әзірленген оқулық басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді (немесе оның жекелеген элементтерін) сынақтан өткізу оларды кейіннен оқу процесіне енгізу мақсатында бір оқу жылы ішінде жүргізіледі.

21. Сынақтан өткізу нәтижелері автордың (авторлық ұжымның) қатысуымен ОӘК оқулық басылымын, оқу-әдістемелік кешенді білім беру қызметінде пайдалану мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін қаралуға жатады.

Сынақтан өткізу нәтижелері бойынша оқулық басылымын, оқу-әдістемелік кешенді жетілдіру бойынша ұсыныстар шығарылған жағдайда, олар оқулық басылымдарына, оқу-әдістемелік кешенге мониторинг жүргізу кезінде есепке алу үшін ОӘК-сына тапсырылады.

22. ОӘК мынадай мақсатта жүйелі түрде оқулық басылымдарына, оқу-әдістемелік кешендерге мониторинг жүргізеді:

1) Академияда білім беру процесін, оқу бағдарламаларын қазіргі заманғы оқулық басылымдарымен қамтамасыз ету мәселелеріне талдау жасау;

2) оқу процесінде пайдаланылатын оқулық басылымдарының, оқу-әдістемелік кешендерінің сапасын жақсарту және оларды өзектендіру қажеттігі.

Мониторинг нәтижелері бойынша ОӘК ұсыныстар әзірлейді және оларды Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына енгізеді.

23. Оқулық басылымдары, оқу-әдістемелік кешендер Академияның және/немесе автордың (авторлық ұжымның) қаражаты есебінен басылып шығарылады.

Оқулық басылымын, оқу-әдістемелік кешенді басып шығару Ғылыми кеңестің шешімі негізінде жүзеге асырылады.